

Бейнеу аудандық мәслихатының 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 2/21 "2021 – 2023 жылдарға арналған Тұрыш ауылының бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Маңғыстау облысы Бейнеу аудандық мәслихатының 2021 жылғы 30 сәуірдегі № 5/53 шешімі. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 мамырда № 4528 болып тіркелді

Бейнеу аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ:

1. "2021 – 2023 жылдарға арналған Тұрыш ауылының бюджеті туралы" Бейнеу аудандық мәслихатының 2021 жылғы 26 қаңтардағы № 2/21 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4443 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағы келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"1. 2021 – 2023 жылдарға арналған Тұрыш ауылының бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3 қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2021 жылға келесідей көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 21 777,6 мың теңге, оның ішінде:

салықтық түсімдер бойынша – 957,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер бойынша – 0 теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер бойынша – 0 теңге;

трансферттердің түсімдері бойынша – 20 820,6 мың теңге;

2) шығындар – 22 599,0 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге:

бюджеттік кредиттер – 0 теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -821,4 мың теңге;

6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 821,4 мың теңге:

қарыздар түсімі – 0 теңге;

қарыздарды өтеу – 0 теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 821,4 мың теңге.";

2 тармақ келесідей мазмұнда жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Аудандық бюджеттен 2021 жылға арналған Тұрыш ауылының бюджетіне 20 820,6 мың теңге сомасында субвенция бөлінгені ескерілсін.";

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Бейнеу аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі (аппарат басшысы Ж.Оспанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Бейнеу аудандық мәслихатының экономика және бюджет мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (К.Т.Таңатаров).

4. Осы шешім 2021 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Бейнеу аудандық мәслихатының хатшысы

Ұ.Бисенғалиева

Қ.Мансуров

Бейнеу аудандық мәслихатының
2021 жылғы 30 сәуірдегі
№ 5/53 шешіміне қосымша
Бейнеу аудандық мәслихатының
2021 жылғы 26 қаңтардағы
№ 2/21 шешіміне қосымша

2021 жылға арналған Тұрып ауылының бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Кіші сыныбы			
Атауы			
		1. Кірістер	21 777,6
1		Салықтық түсімдер	957,0
01		Табыс салығы	1,0
	2	Жеке табыс салығы	1,0
04		Меншікке салынатын салықтар	956,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	16,0
	3	Жер салығы	12,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	928,0
2		Салықтық емес түсімдер	0
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0
4		Трансферттердің түсімдері	20 820,6
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	20 820,6
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	20 820,6
Функционалдық топ			
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			Сомасы, мың теңге
Бағдарлама			
Атауы			
		2. Шығындар	22 599,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	21 926,0

124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	21 926,0
	001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	21 926,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	673,0
124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	673,0
	009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	513,0
	011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	160,0
		3. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0
		4. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5. Бюджет тапшылығы (профициті)	-821,4
		6. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	821,4
		Қарыздар түсімі	0
		Қарыздарды өтеу	0
		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	821,4
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	821,4
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	821,4
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	821,4